«Когда ты говоришь с Богом – это молитва, когда Бог с тобой – шизофрения»

Потеря собственного «Я», полное подчинение лидеру, оторванность от социума, шизофрения и многие другие «радости» несут в себе нетрадиционные религии по средствам воздействия на психику своих адептов.

В редакцию обратилась женщина с довольно необычным рассказом о семье Степановых из Тараза (фамилия изменена). Как правило, если член семьи попадает в секту, ему пытаются помочь своими силами или силами психологов, но редко кто обращается в правоохранительные органы. Но даже в случае обращения виновные не всегда могут быть привлечены к ответственности.

Несколько лет назад несовершеннолетняя дочь Степановых ездила в гости к сестре в Бишкек, где и посетила в первый раз «Евангельско-христианский миссионерский центр «Благодать». После возвращения в Тараз девочка начала посещать местный филиал «Благодати». Как часто случается, в первое время никаких подозрений у родителей не было. Главное, что не пьет, не курит, наркотиками не интересуется. Постепенно ребенок стал отдаляться от родителей, пропал интерес ко всему, что не было связано с неокультом.

В возбуждении уголовного дела в отношении пастора данного религиозного объединения Данияра Алибаева было отказано за отсутствием в его действиях состава преступления. Однако, согласно заключению комплексной стационарной судебной психолого-психиатрической экспертизы, девочка обнаруживает признаки обсессивно-компульсивное расстройство, развившегося на фоне акцентуации черт характера по типу зависимого расстройства личности.

При посещении религиозного объединения «Евангельско-христианский миссионерский центр «Благодать», по мнению специалистов, в отношении подростка применялись следующие методики психологического воздействия: НЛП (завлечение в церковь, групповые сеансы в сочетании с религиозными ритуалами), суггестия (внушение), использование возрастной незрелости (подарки, игры, пение, бесплатные обеды). Вышеуказанное воздействие привело к формированию реакций оппозиций к родителям, аутизации личности (замкнутость), формированию религиозного мировоззрения, перепадам настроения, кратковременному психическому эпизоду в виде зрительной псевдогаллюцинации на фоне гипертермии, формированию обсессивно-компульсивного расстройства с синдромом отмены.

Привлечь внимание потенциальных адептов к культуре не так сложно, гораздо сложнее удержать их там, подчинить, оторвать от действительности. Существует масса способов и нюансов, которыми пользуются

лжепророки. К примеру, мужчин зачастую трудно завлечь в секту, но если это удалось, то они там задерживаются надолго. Женщины более гибкие: их легче вовлечь, но труднее удержать.

Забомбят любовью

Так как среди отечественных психиатров и психологов не нашлось специалистов в области сект, пришлось обратиться к российскому источнику: Ф.В.Кондратьев «Современные культовые новообразования («секты»), как психолого-психиатрическая проблема».

– После привлечения новичка к общению с группой адептов он оказывается в особой атмосфере группового психологического давления, главной составной частью которого является «бомбежка любовью», которая отбивает охоту к сомнениям и усиливает потребность в принадлежности «к новой семье». Для создания чувства духовной общности используются игры, пение, объятия, прикосновения и лесть. В результате этого навязывания любви у вербуемого возникает ощущение, что все ждали именно его, что он – это нечто особенное, и общаться с ним адептам культа очень и очень приятно. Новичок не выпускается из-под опеки ни на минуту. Так, в «Церкви унификации» Сан Мен Муна специальными наставлениями рекомендована процедура, называемая «сэндвич», которая требует, чтобы новичок постоянно находился в окружении двух приставленных к нему опытных адептов, обязанных со всем рвением «сотрудничать» с ним и вовлекать в культовую группу.

Далее в сознание новичка активно внедряется идея абсолютной истинности учения секты, которая ему доверяется в силу «особой любви» к нему. Одновременно формируются отрицательное отношение ко всем другим общепринятым представлениям и установка на изоляцию себя от жизни общества. Идет противопоставление новой жизни старой.

Для закрепления в сознании новичка «доверенной» ему «абсолютной истины» вербовщики стремятся взять под контроль его время, особенно время размышления, пытаются добиться, чтобы он потерял желание сверять информацию, предоставляемую группой, с реальностью. Одновременно они добиваются появления ощущения беспомощности и, создавая видимость поддержки, навязывают ему образцы нового поведения.

В течение времени происходит дальнейшее усвоение новых догм, ритуалов. С этой целью неопита обучают медитированию, вводят в атмосферу постоянного монотонного пения и повторяющихся действий, которые при чрезмерном использовании создают состояние высокой внушаемости. Во многих неокультх применяется прямое гипнотическое воздействие, в том числе и в виде нейролингвистического кодирования: «зарядки» языка специально созданным малопонятным жаргоном, который приписывает новые значения знакомым словам и имеет многоцелевое назначение: от разрыва прежних межличностных связей до удержания в неокulte.

Следствием этого является факт радикального изменения личностных ориентаций поведения завербованных и появление признаков явного психологического изменения, которые у некоторых адептов уже в самом начале могут свидетельствовать о психической патологии.

Важным условием успеха вовлечения в секты является потеря личностью своей индивидуальности, собственной инициативы, способности к волеизъявлению своего «Я».

На протяжении всего последующего периода времени лидеры неокультов продолжают следить за тем, чтобы у завербованных не было времени опомниться. Это, по свидетельству очевидцев, достигается беспрерывными молитвенными бдениями, сочетающимися с изнурительным трудом и голодной диетой (с объяснением, что это необходимо для улучшения здоровья и достижения духовности или как обязательная принадлежность ритуалов), дефицитом сна (под видом духовных упражнений), физической и информационной изоляцией от всего, что могло бы вызвать сомнения в действительном смысле деятельности неокульта.

Далее у завербованного формируются страх и чувство вины. Они вызываются извлечением признаний (исповедей) под предлогом создания атмосферы единства и близости. Выявленные личностные проблемы, негативные факты прошлого, страхи и секреты дают представление об эмоциональной уязвимости неопита и посредством явных и завуалированных угроз так же, как и чередованием наказаний и наград, позволяют более успешно им манипулировать.

Нередко при психологической обработке акцент ставится на развитие страха за свою жизнь при попытке высказать какое-либо сомнение в истинности учения, не говоря уже о попытке выйти из секты.

Изменения личности лишают вовлеченных в неокульты способности критического осмысливания своего психического состояния, характеризующегося потерей возможности собственного волеизъявления, в том числе и права на свободу вероопределения.

В плане глобальных социальных проблем трудно сказать, что для человечества опаснее – потерять члена своего общества, например, из-за наркомании, или же потерять его в результате превращения в сектомана-робота, обеспечивающего финансовое процветание секты, противостоящей интересам семьи, общества и государства.

Помочь не смогут?

Проблема не только в сектантах, но и в отсутствии специалистов, которые бы могли помогать людям, попавшим под влияние неорелигий.

По словам психолога, руководителя ОО «Перспектива» Ажар Давлетаевой, наше общество еще не достигло определенного уровня общения

со специалистами. Большинство людей переживает проблемы на личностном уровне и может принимать помощь у представителей нетрадиционных религий. Помимо этого у нас практически нет специалистов, которые оказывали бы корректную помощь и поддержку, нет специальных учреждений, куда бы могли обратиться пострадавшие от действий представителей неокультов.

Схожее мнение высказал и тренер международного уровня, психолог Виктор Гребенников: - Секты – это как опухоль, которую необходимо вырезать и выбрасывать. Но откуда у людей разовьется культура, если государство не открывает научных институтов по той же психологии, психотерапии, кризисные центры. Если у нас этих специалистов мало, они недоступны, о них мало знают, следовательно, всегда будет шанс у колдунов, сектантов и прочих.

ГОСЗАКАЗ: ПРОГНОЗЫ

Очевидно, что государство не намерено отказываться от инструмента государственного заказа в СМИ – таким образом обществу предлагаются актуальные и важные, по мнению властей, темы. Кроме того, ясно, что госзаказ поддерживает те редакции, которые в своей политике полностью лояльны властям.

Одновременно будет нарастать влияние госзаказа среди негосударственных СМИ, что приводит к падению уровня менеджмента изданий, не озабоченных поисками рекламодателей, а ориентирующихся лишь на получение средств из бюджета. СМИ в стране и ранее слабо ориентировались на читателя, в настоящее время эта тенденция только усилилась. Постепенно это может привести к тому, что многие масс-медиа Казахстана и вовсе перестанут быть интересными, предлагая своему потребителю только тот круг тем, который устраивает заказчика, в данном случае – государство.

Госзаказ, в случае если не будут приняты меры, может так и остаться непрозрачным. Ни госорганы, ни редакции, судя по всему, не заинтересованы в раскрытии полной информации о госзаказе. При этом формальное раскрытие такой информации делает ее практически недоступной для общества. Эта практика снижает доверие к СМИ со стороны читателей, а также оставляет открытыми вопросы об истинных целях госзаказа.

Также фактически в стране фактически отсутствует общественный контроль за сферой госзаказа. За полное раскрытие информации о получателях, объемах госзаказа, выступают только медийные организации, в то время как правозащитные институты, политические партии, другие общественные институты, не проявляют заинтересованности в том, чтобы сделать область госзаказа более прозрачной и подконтрольной обществу.

Вероятно, изменить сложившуюся ситуацию может только наличие политической воли к таким переменам со стороны руководителей госорганов, ответственных за развитие госзаказа, в частности, правительства республики, министерства информации и связи. Остается небольшая надежда, что государство такую волю проявит и сделает эту сферу более прозрачной, что может послужить на благо как получателям госзаказа, так и их конечным потребителям – гражданам страны..

РЕКОМЕНДАЦИИ

ГОСУДАРСТВЕННЫМ ОРГАНАМ

- Создать общественный совет по контролю за государственным заказом в СМИ при министерстве информации и связи для контроля за распределением средств, рассмотрения отдельных заявок как примеров распространения госзаказа. Пригласить в совет представителей СМИ, медийных организаций, депутатов парламента;
- Проводить заседания комиссий по рассмотрению заявок на получение средств в рамках госзаказа только при участии общественности – медийных организаций, политических партий, других общественных институтов;
- Предусмотреть создание на сайтах госорганов, предоставляющих госзаказ СМИ, специальных разделов, которые бы сообщали информацию о таких контрактах;
- Проводить анализ эффективности расходования средств в рамках госзаказа и обнародовать его.

СРЕДСТВАМ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ

- Обнародовать информацию о получении средств в рамках госзаказа через специальные объявления и помечая материалы, публикуемые в рамках госзаказа.

НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫМ ОРГАНИЗАЦИЯМ

- Усилить общественный контроль за сферой госзаказа, инициируя обсуждения его эффективности, обращаясь в государственные органы с требованием обеспечения участия общественности в обсуждении предоставления средств в рамках госзаказа;
- Проводить исследования и анализ эффективности и целесообразности госзаказа, информировать об итогах такой работы госорганы, СМИ и общественность.

Международный центр журналистики MediaNet благодарит всех редакторов, журналистов, представителей медийных организаций, которые приняли участие в исследовании в рамках проекта «Мониторинг госзаказа в СМИ Казахстана»

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҚ-ДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС: ПАЙДА МА, ӘЛДЕ ЗИЯН БА?

КІРІСПЕ

Мемлекеттік тапсырыстың қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарына тигізетін ықпалына байланысты мәселе соңғы бірнеше жылдың ішінде ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеде көтерілмеді және зерттелмеді. Алайда мемлекеттік тапсырыстың елдегі масс-медиаға қолдау көрсету құралы ретіндегі маңызы күннен-күнге артып келе жатқан сыңайлы. Экономикалық дағдарыстың әсерінен біраз редакция, тіпті бұрын мемлекеттің қолдауына зәрулік таныта қоймаған редакциялардың өзі тапсырыс алуға ұмтылып, үміттерін білдіріп жатыр.

Қаржылай көмек көрсетудің аталған түрі еліміздің аймақтарындағы және таралымы аз бұқаралық ақпарат құралдарына айтарлықтай көмегін тигізді. Көп жағдайда мемлекеттік тапсырыс қазақ тілінде шығатын және жарнама берушілерге зәру БАҚ-на қолдау білдірудің пайдалы құралы болды.

Сонымен қатар мемлекеттік тапсырыс арқылы мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралдарына жүргізетін ықпалы арта түсті. Қаржыландырудың осы жолы пайда болысымен-ақ, бірқатар зерттеушілер қолдаудан айырылып қалудан қорқатын мемлекеттік емес БАҚ үшін билікке қарсы сын айтқызбау мақсатында мемлекеттік тапсырыстың қолданылатыны жайында айтқан болатын.

2010 жылы жүзеге асырылған «Қазақстанның БАҚ-дағы мемлекеттік тапсырысқа жүргізілген мониторинг» жобасының аясындағы зерттеу мемлекеттік тапсырысқа қатысты айтылған сынның бірқатарының шындыққа сай екендігін көрсетті. Мәселен, мемлекеттік тапсырыстың берілу жолы әлі күнге бұлыңғыр, айқын емес, мемлекеттік органдар жариялайтын байқаудың мақсаты көп жағдайда түсініксіз болып жатады, ал көптеген жеке БАҚ-дары қаржы табудың тек осы жолына ғана сүйеніп, өз менеджменттерін дамытуды жылы жауып қойған.

Сонымен қатар, мемлекеттік тапсырыстың әсерінен елде өз-өзіне деген цензура арта түсті. Редакторлар мен журналистер өткір материалдар жазбауға тырысуда, себебі ащы сын айтылған жарияланымдар болашақта мемлекеттік тапсырыс алу барысында редакцияға зиянын тигізуі мүмкін.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған кітапшада мемлекеттік тапсырыстарға байланысты жүріп жатқан тенденциялар жайлы ақпарат және зерттеу барысында сауалнамаға қатысқан редакторлар мен тілшілердің пікірлері беріліп отыр. Кітапша бүгінгі күнгі қазақстандық мемлекеттік тапсырыстың сипатын мүмкіндігінше ашып көрсетеді.

MediaNet халықаралық журналистика орталығы аталған жобаның жүзеге асырылуы мемлекеттің мемлекеттік тапсырыс аясындағы қаржыны бөлудегі саясатын өзгертуге және редакциялар мен мемлекеттік органдардың осы саладағы қаражатты игерудегі іс-әрекетінің ашықтығын арттыруға ықпал етеді деп ниет танытады.

Аталған кітапшаға үш тарапқа: мемлекеттік органдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына және үкіметтік емес ұйымдарға арналған ұсыныстар жиынтығы енгізіліп отыр. Ұсыныстардың мақсаты БАҚ-дағы мемлекеттік тапсырыс жүйесінің ашықтығын арттыруға бағытталған.

Мемлекеттік тапсырыс - 2009/2010

2009 жыл Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттік тапсырысты ақпараттық саясат мақсатында тарату тұрғысынан ең «жемісті» жыл болды.

Түрлі мәліметтерге қарағанда 2009 жылы қазақстандық БАҚ-ның шамамен 50%-ын мемлекеттік тапсырыстар қамтыған. Ал оны тарату көздері әртүрлі болды. Мысалы, ішкі істер министрлігі елдегі құқыққорғау органдарының қызметіне арналған телевизиялық бағдарламаларды жасауға 4,4 млн. теңге көлемінде тапсырыс берген.

Қазақстанның СІМ 2009 жылы «Ресей және ТМД елдерінің бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттық-имидждік жобаларды жүзеге асыру бойынша қызмет түрлеріне» 486 млн. теңге арнады. Бұл қаражат солайымен PR-агенттіктерге жіберілді, олар өз кезегінде БАҚ-на Қазақстан туралы материалдар беріп отырды. 403 млн. теңгені СІМ «жаһандық және аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттық-имидждік жобаларды жүзеге асыру бойынша қызмет түрлеріне» бөлген. Қазақстандық БАҚ-да сыртқы саясат қызметін насихаттауға аталған министрлік 140 млн. теңге арнаса, Қазақстанның шет елдердегі елшіліктері 837 млн. теңгені «ақпараттық-имидждік жұмыс» үшін алды.

Қазақстан аймақтарындағы мемлекеттік тапсырыстың көлемі де айтарлықтай. Мемлекеттік сатылым сомасының көлемі әртүрлі болғанымен, әр аймақ ақпараттық саясатқа арналған мемлекеттік тапсырысқа шамамен 100 млн. теңге арнады. Яғни, БАҚ облыс, астана және республикалық маңызы бар қала әкімшіліктері тарапынан кем дегенде 1,6 млрд. теңге алды.

2009 жылы БАҚ-на мемлекеттік тапсырысты бөлетін негізгі агенттік мәдениет және ақпарат министрлігі болып қала берді. Өткен жылы осы министрлік ақпараттық саясатқа 2,2 млрд. теңге көлемінде мемлекеттік тапсырыс бөлді. Министрлік БАҚ арасында бірнеше раундтық байқау ұйымдастырды, оларға негізінен республикалық масс-медиа өкілдері қатысты. Газет және журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге 1,9 млрд. теңге, ал электронды БАҚ арқылы жүргізуге 0,3 млрд. теңге бөлінді.

Мемлекеттік тапсырысты мемлекеттік (республикалық және жергілікті) басылымдар да, жеке басылымдар да ала алды. Ақпараттық саясат саласындағы мемлекеттік тапсырыстың ең ірі сомаларын мемлекеттік БАҚ алды, олар – «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттері (әр басылымға 2 млн. АҚШ доллары көлеміндегі қаражат тиген), «Хабар» және «Қазақстан» телеарналары. Мемлекеттік емес басылымдардан ірі соманы «Экспресс К», «Central Asia Monitor», «Время» және тағы басқа БАҚ алды.

Мемлекеттік органдардың мәліметі бойынша 2010 жылы мемлекеттік тапсырыстың республикалық деңгейдегі көлемі өзгере қоймаған. Ал ел аймақтарындағы тапсырыстың көлемі кем дегенде 10-15%-ға өскен, кейбір аймақтарда тіпті бұдан да жоғары көрсеткіш тіркеліп отыр.


Ал мәдениет және ақпарат министрлігінің қайта құрылуы нәтижесінде пайда болған, мемлекеттік тапсырысты үлестіруге жауапты ақпарат және байланыс министрлігінің мәліметтеріне қарағанда министрліктен қаржы алып отырған БАҚ-ның тізімі айтарлықтай өзгеріске ұшырамаған. Бұл ақпаратты негізге ала отырып екі болжам жасауға болады: я мемлекеттік органдардың өткен жылы мемлекеттік тапсырыс алғандардың берген материалдарына көңілдері толады, я байқау жоспарланғанда-ақ министрлік кімнің жеңіске жететінін нақты білген.

Бұған ақпарат және байланыс министрлігінің сайтында жарияланған мемлекеттік сатылым байқауларының нәтижесі де қосымша дәлел болып отыр. Мысалы, бірқатар байқауларға бір құрамдағы қатысушылар (олардың арасында «Казахстанская правда» мемлекеттік басылымы мен биліктік «Нұр Отан» партиясына қарасты «Литер» басылымы бар) қатысқан және бірнеше байқауды бір-ақ жеңіп алып отырған. Осындай мәліметтер Қазақстанның сыртқы істер министрлігінің сайтында да кездеседі

Жоғарыдағыға ұқсас жағдайдың Қазақстан аймақтарында да қалыптасқаны байқалады. Мұнда негізінен мемлекеттік тапсырыс аясында мақала жариялау байқауының жеңімпазы белгілі бір басылымдар ғана болып отырды. Көп жағдайда мемлекеттік органдардың өздерінің бәйгеге «үкілеп қосқан» үміткерлері бар, олар әкімдіктермен (жергілікті әкімшілікпен), жекелеген басқармалармен немесе нақты бір шенеуніктермен тығыз қарым-қатынастағы редакциялар. Мемлекеттік тапсырысқа ие болатын да солар. Осыған қарамастан, мемлекеттік тапсырыс аясындағы қаражатты бөлу үшін жүргізілетін байқаулардың нәтижесіне редакциялардың күмән танытып, көңіл толмаушылығын білдіруіне (Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында) бірнеше мысал ғана келтіруге болады, оның өзінде де әділдік іздегендер мақсаттарына жете алмады.

Бақылаушылардың айтуынша, қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдарының 70%-ы мемлекеттік тапсырыспен қамтылған. Бұл көрсеткіш бірмөнді есу тенденциясына ие.

**Мемлекеттік тапсырысты алушы
БАҚ-ның санының өзгеруі¹.**



1. Түрлі ақпарат көздеріне, ресми тұлғалардың берген мәліметтеріне жасалынған сараптаманың негізінде.

Мемлекеттік тапсырыстың ашықтығы

БАҚ саласындағы мемлекеттік тапсырыстың ашықтығы үлкен күмән тудырып отыр. Мемлекеттік тапсырысты алушы туралы ақпаратты жариялаған мемлекеттік органдар оларды мемлекеттік сатылым тендерлерін ұтқан өзге топтардан бөле жарып, атап көрсетпейді. Мемлекеттің мүддесін қозғаған материалдарды жариялайтын қандай да бір БАҚ-тың қанша ақша алып отырғандығы жайлы ақпараттың министрліктің қанша қалам сатып алғандығы жайлы ақпараттан айырмашылығы бола тұра, билік өкілдері осындай қадамға барып отыр.

Мемлекеттік тапсырысты алушы туралы ақпарат ашықтығының маңызын түсінбеу зерттеушілер үшін қиындық туғызып отыр, яғни ақпараттың бір бөлігі жасырын қалады, не оған қол жеткізу көптеген кедергілермен қатар жүреді.

Соңғы жылдары бірде-бір министрлік мемлекеттік тапсырысты алған БАҚ-ның бірыңғай тізімін жасаған жоқ. Ал мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009 жылы жариялаған осындай тізімінде БАҚ-дары алған мемлекеттік тапсырыстың көлемі жайлы ақпарат берілмеген.

Аймақтағы әкімдіктер болса мемлекеттік тапсырысқа қол жеткізген БАҚ туралы толық ақпарат жарияламайды, не редакцияның тапсырыс алғандығы жөніде ғана мәлімет беріп, сомасын көрсетпейді, не тапсырыс алушы жөнінде мүлде ақпарат бермейді. Жергілікті басқармалар тарапынан да осыған ұқсас әрекет байқалуда.

Мемлекеттік компаниялар да өздерінен ақпарат жариялауға тапсырыс не жарнама алған БАҚ туралы мәліметті сирек береді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының өздері болса жарияланған мемлекеттік тапсырыс байқауы туралы ақпаратты мемлекеттік органдардың сайттарынан, электронды пошта арқылы таратылған мәліметтен алатынын айтты. Ал қандай да бір мемлекеттік органда қызмет жасайтын нақты тұлғадан ақпарат аламыз деп бірде-бір БАҚ мәлімдемеді.

Елімізде тек «Московский Комсомолец в Казахстане» газеті ғана мемлекеттік тапсырыс аясында жариялаған мақалалары жайлы ақпарат береді екен. Өзге бұқаралық ақпарат құралдары мұндай жарияланымдарды интеграциялап, олардың мемлекеттік бюджет қаржысына шыққаны жайлы мәліметті бермеуді жөн көреді.

Зерттеу авторларының ойынша, бұл оқырмандар мен көрермендерді адастырады, себебі олар атап көрсетілмеген соң, жарияланымдарды, бағдарламаларды не сюжеттерді мемлекеттік орган тапсырыс берген және ақысын төлеген өнім ретінде қабылдай алмайды.

Бұл пікірмен зерттеу барысында сауалнамаға қатысқан редакторлардың бәрі бірдей келіскен жоқ, алайда көпшілігі мемлекет тарапынан қаржыландырылған материал туралы ақпаратты берген жөн деп санайды.

«Мемлекеттік тапсырыс аясында шыққан материалдарды біз бөле-жарып, атап көрсетпейміз, кәдімгі жарияланым ретінде береміз. Егер мұндай жарияланым кәсіби түрде, сауатты жазылса, оның мемлекеттік

тапсырыс аясында жазылғандығы байқалмай тұрады. Сонымен қатар мемлекеттік тапсырыс аясында дайындалған материал міндетті түрде әлдекімді я әлденені мақтау керек деген қате түсінік бар. Ол дұрыс емес. Мысалы біздің мемлекеттік тапсырыс аясында жариялаған материалдарымызда проблемалық мәселелер жиі көтеріледі. Біз үшін проблеманы көтеру, оны шешу жолдарын қарастыру басты рөл ойнайды, ал жарияланымның қандай қаражат көзіне шығып жатқанына аса маңызды емес¹.

Әрине, кейде мысалы мемлекеттік тапсырыс аясында бір облыстың ауылшаруашылық басқармасының жетекшісінің материалын беруге тура келеді. Және ол материалында тек өз облысының жеткен жетістіктері жайлы айтады. Бірақ біз журналистер жазған проблемалық материалдар арқылы екі жақты тең ұстауға тырысамыз. Өйтпеген жағдайда біздің басылымның қандай да бір әкімшіліктің газетінен еш айырмашылығы болмай қалады».

«Менің ойымша мемлекеттік тапсырыс аясында жазылған материалды атап көрсету керек. Мұны, әсіресе, жеке телекомпанияларға қатысты айтып отырмын. Себебі мемлекеттік телеарналардың өз жарияланымдарын мемлекеттің пайдасынан шығарып жатқанын көрермен онсыз да бірден түсініп отырады, яғни мұнда ешқандай құпиялылық жоқ».

«Мен өзге БАҚ-ның оқырманы ретінде мемлекеттік тапсырыс аясында шыққан материалдарды білгім келеді. Мұндай жарияланымдарды «жарнама» ретінде немесе «әріптестік» деген белгімен беру жүйесі қалыптасса дұрыс болар еді. Менің ойымша мұндай қадам оқырмандарға қатысты алғанда әділетті болмақ, олар да өз кезегінде басылымның ашықтығын қош көреді».

«Біз коммерциялық компаниялар берген жарнамалық материалдар секілді мемлекеттік тапсырыс аясында жарияланған материалдарды атап көрсетпейміз. Жарнамалық жарияланымдар мен мемлекеттік жарияланымдардың бір сипатта болғанына қарамастан осылай жасаймыз, себебі тапсырыс аясындағы ақпараттан жаңалық, болмаса сараптамалық материал тудыруға тырысамыз, яғни оны өзіміздің қалыпқа салуға әрекет жасаймыз. Сондықтан ондай жарияланымдарды қандай да бір белгімен беру қажет емес деп санаймыз».

Бүгінгі күні қандай материалдардың мемлекеттік тапсырыс аясында шығып жатқанын айту мүмкін емес дерлік дүние. Мұны тек редакциялардан шығармашылық есеп алып отыратын шенеуніктер біледі деп болжам жасауға болар. Ал олардың жарияланымдар мониторингін қалай жүргізіп отырғандығы белгісіз.

Кейбір ведомстволар мемлекеттік тапсырыс аясындағы қаражатқа редакциялардың жариялаған материалдарында қағалап отыратындықтарын және мұндай жарияланымдарға талдау жасайтындықтарын айтты. Алайда осы айтылған талдауға ашық түрде де, анонимді түрде де қол жеткізу мүмкін болмады.

1. Редакторлармен сұхбат анонимді түрде жүргізілді. Зерттеу барысында қазақ және орыс тілдерінде шығатын 15 БАҚ-ның редакторы сауалнамаға қатысты.

Мемлекеттік тапсырыстың «қозғаушы күштері»

Ақпараттық саясат саласындағы мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыруға таңдалған тақырыптар ауқымы айтарлықтай кең. Сонымен қатар бірнеше жыл бойы негізгі рөлде келе жатқан әмбебап тақырыптардың тізімі бар, олар болашақта да осы қалыптарында қалатын сыңайлы.


Мемлекеттік тапсырыс аясында жарияланатын жарияланымдардың негізгі тақырыптары мемлекеттік тілдік саясат, мемлекеттік тілдің статусы, тіл тарихы және мәдениет болып отыр. Бұл тақырыптар – мемлекеттік тапсырыс алып отырған мемлекеттік және жекеменшік басылымдардың ең жиі көтеретін тақырыптары. Сонымен қатар «тіл тақырыбына» арналған материалдар үшін бірқатар белгілі формалар бар, оларға мысал ретінде қазақ тілін білетін сляван текті қазақстандықтарды арқау еткен жарияланымдарды келтіруге болады. Одан бөлек қазақ тіліне қатысты байқаулар тақырыбы жиі көтеріліп, қазақ тілін білудің маңызы кеңінен насихатталады. Сонымен қатар қазақ мәдениеті мен тарихын насихаттауға үлкен көңіл бөлінеді. Бұл әсіресе қазақтілді БАҚ-да жиі байқалады, себебі қазақтілді БАҚ-да аталған тақырыптағы материалдардың көлемі жалпы жарияланымдар санының үштен бірінен асып жататыны жиі кездеседі.

Тағы бір жиі берілетін тақырыптар тізіміне мысал ретінде Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі, демократияны дамыту, партиялық құрылым, қорғаныс және қауіпсіздік тақырыптарын айтса болады. Бұл тақырыптар әсіресе жекеменшік БАҚ-да жиі қозғалады. Сонымен қатар басылымдар аса танымал емес саясаттанушылардың Қазақстандағы саяси процестерге жасаған талдауларын жиі береді, олар басылым беттерінде демократиялық дамудың зиянды тұстарын айтып, елдің «өз даму жолының бар екендігіне» баса назар аударады.

Қоғамдық ұйымдар мен дәстүрлі емес діни бірлестіктерді сынауға арналған жарияланымдар да жеке тақырыпқа ие. Мұндай материалдар көбінесе республикалық БАҚ-нан гөрі жергілікті басылымдарда жарық көреді және бір материал бірнеше газетте қайта жариялануы мүмкін.

Қазақстан президентінің ел халқына арналған жолдауы мемлекеттік тапсырыс аясында жарияланатын тақырыптар арасында өзгеше орынға ие. Жолдаудың мазмұны жыл сайын өзгереді, сәйкесінше жарияланымдардың да мәтіні өзгеріске ұшырап отырады. Алайда негізгі мәні сол қалпында қалады және ол «жолдау бізге даму жолын көрсетуде», «жолдау – жылдың басты бағдарламалық құжаты» дегенге келіп саяды. Шенеуніктер жолдау туралы өз мақалалары мен сараптамалық материалдарын жариялай бастайды. Жолдауды талқылау мен оны табысты түрде жүзеге асыру нәтижелері мемлекеттік басылымдардың көпшілігінде кездесетін «Жолдау аясында» секілді айдарлармен (жекеменшік басылымдарда бұдан өзгеше болуы мүмкін) беріледі.

Мемлекеттік тапсырыс аясындағы жарияланым тақырыптары¹.



- Президенттің жолдауы
- Мемлекеттік органдардың жұмысы
- Тіл саясаты
- Мәдениет және тарих
- Өзекті оқиғалар
- Жемқорлықпен күрес
- Өзге тақырыптар

1. Мемлекеттік тапсырыс байқауына жүргізілген мониторинг негізінде беріліп отыр

МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС: ПАЙДА МА, ӘЛДЕ ЗИЯН БА? РЕДАКТОРЛАР ПІКІРІ

Түрлі мәліметтерге қарағанда, Қазақстанда ақпараттық саясат саласындағы мемлекеттік тапсырысты алушылар жекеменшік бұқаралық ақпарат құралдарының 50-ден 70 %-ға дейінгі көлемін құрайды.

Редакциялар қаржы дағдарысының әсерінен жарнама берушілердің азайғанын, ал мемлекеттік тапсырыс аясында бөлінетін қаражат БАҚ шығынын жабуға қажетті мүмкіндік болып тұрғанын айтады. Әсіресе ел аймақтарындағы редакциялардың жағдайы мәз болмай тұр, себебі мұнда жарнама берушілерді тарту өте қиын. Сонымен қатар, жарнама берушілермен көп жұмыс істей бермейтін қазақтілді БАҚ үшін де мемлекеттік тапсырыс аса қажетті қаражат көзі болып отыр.

Мемлекеттік тапсырысты тарату жағдайына жүргізілген мониторинг жұмысы барысында редакторлар мемлекеттік тапсырыстың елдегі БАҚ-на көп пайдасы тиіп отырғандығын атап көрсетті.

«Жалпы менің БАҚ-дарының мемлекеттік тапсырыс алып отырғанына көзқарасым оң. Себебі, мемлекет бизнеске, оның ішінде БАҚ-дарына қолдау көрсетуі қажет. Билік қазақ тілін дамыту керек деп шешкен екен, олай болса қазақтілді басылымдарға тіпті де баса назар аудару қажет. Ол үшін қазақтілді телевизия, басылымдардың көбейіп, дамығаны дұрыс».

«Қазір жарнама есебінен күн көріп отырған БАҚ-ын саусақпен санап аларлықтай жағдай қалыптасты. Оның өзінде оларға белгілі бір тұлға не компания қолдау білдіріп отырады. Елдің БАҚ-ын сатып алуы не оған жазылуы күн көрудің негізгі жолы емес. БАҚ-ның аман қалу жолында мемлекеттік тапсырыс үлкен көмек болмақ. Себебі қаражат болмаса журналистерге, дизайнерлерге және басқа да қызметкерлерге төлейтін жалақы болмасы белгілі. Ал одан бөлек кеңсе жалдауға, байланысқа, тағы басқа шығындарға ақша шығару керек қой. Яғни БАҚ-ның ірі жарнама берушілері, демеушісі болмаса, мемлекеттік тапсырыс алмаса, оның болашағы да бұлыңғыр. Сондықтан да мемлекеттік тапсырысты алуға бәрі ұмтылады. Ал олардың мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істемейміз деуі еш шындыққа сәйкес келмейді».

«...Мемлекеттік тапсырыс – жалпы алғанда жақсы дүние. Себебі біз халықтың санасын БАҚ арқылы қалыптастыратын Қытай немесе өзге мемлекет емеспіз. Біздің жағдайда, меніңше, мемлекеттік тапсырыс адамдардың ойын өзгеріске ұшыратпайды, ол қоғамдық пікірді түбегейлі өзгертіп жіберетін де құрал емес. Оның есесіне, мемлекеттік тапсырыс БАҚ-на күн көру үшін аса қажетті қолдау болып отыр. Ал коммерциялық жарнаманың күрт азайып кеткені жанға батады Негізінен қаражат осы тапсырыстан түсіп отыр. Егер қандай да бір ірі компания қандай да бір БАҚ-на үлкен қаржы бөліп отырса, ол осы екі тараптың тығыз байланысты екендігін білдіреді».

«Мемлекеттік тапсырыс мәселесі қарама-қайшылыққа толы мәселе, себебі таразының бір басында мемлекеттің мүддесі жатса, екінші басында оқырманның қызығушылығы тұр. Екі жақтың ой-пікірі көп жағдайда бір жерден шыға бермейді. Мемлекеттің мемлекеттік тапсырыс аясында берген мақалалары оқырман үшін негізінен қызық емес. Оның үстіне журналистке де мұндай материалмен жұмыс істеу қиын, себебі мемлекеттік тапсырыс жариялануының нақты көлемі белгіленген, ал оның ақпараттық желеуі мүлде болмауы да мүмкін. Нәтижесінде, мұның бәрі материалдың сапасына және оқырманның қабыл алуына әсер етеді. Егер БАҚ осы тектес жарияланымды бере беретін болса, оқырман мұндай басылымға деген сенімін жоғалтуы мүмкін».

Ал мемлекеттік тапсырыс алып отырған БАҚ редакторларының көпшілігі масс-медиаға көрсетілетін қысымға тап болатындықтарын атап көрсетті, себебі мемлекет тапсырыс аясында қаражат алып отырған БАҚ билік саясатына қатысты жағымды материалдар береді деп күтеді.

«Дағдарыс жағдайында ақша тек мемлекетте ғана бар екені белгілі болды. Сондықтан мемлекеттік тапсырыстың рөлі арта түсті. Әрине, ол цензура емес, бірақ редакция мемлекеттік тапсырыс алып отырғандықтан кей жайттарға басқаша қарай бастайды, оларды жайлы ақпаратты БАҚ-да бұрынғыдан өзгеше түрде береді»¹.

«Әдетте мемлекеттік тапсырыс дегеніміз – ақысы төленген материалдарды дайындауға қаржы бөлген мемлекеттік органның араласуы. Ол көбінесе жарияланымның мынау тұсы мынау бағытта болса, ал «мынау» жерінде мынаған баса көңіл бөлінсе деген сияқты «тілек», «ұсыныс» түрінде көрініс табады. Алайда мұндай ықпал жалпы басылымға емес, тек нақты бір материалды дайындауға қатысты жүреді».

«...Мемлекет тапсырыспен БАҚ-ның оң көзқарасын сатып алады. Бізде ар-ұяттан бастап бәрі сатылады емес пе. Бірақ, дұрыс мысалдар да келтіруге болады, мәселен, мемлекеттік тапсырыс зона. kz сайтының «қазақша сөйлейік» деген айдарына бөлінеді, бірақ оның ресурстың басқа бөлімдеріне еш қатысы болмайды. Менің ойымша, бұл БАҚ пен биліктің мемлекеттік тапсырыс арқылы жүргізетін әріптестігіне сәтті мысал бола алады».

«Коммерциялық негізде әріптестік қарым-қатынас жүргізу редакцияның саясатына шектеу қояды, себебі кімнің қаржы көзімен (ол мейлі жарнама болсын, мейлі мемлекеттік тапсырыс болсын) арадағы байланысты бұзғысы келеді дейсіз. Міне, осы жерден келіп өз-өзіне деген цензура пайда болады, қандай да бір материалды жариялауға шектеу қойылады. Мысалы, біз А ведомствосымен жұмыс істеудеміз делік. Бізге осы ведомство сыналған қандай да бір пікір не материал келіп түссе, біз оны не жарияламаймыз, не А

1. Сейітқазы Матаев. Алматыда өткен баспасөз мәслихатында айтылды. 10 қыркүйек 2010 жыл

ведомствосының ұстанымын да барынша ашып, қатар беруге тырысамыз».

«Мемлекеттік тапсырыс алған редакция ісіне тапсырыс берушінің араласуы, әрине, кездеседі. Көп жағдайда ол қоңырау шалу және ұсыныстар айту түрінде болады. Мемлекеттік тапсырыс мәселесі бойынша билікпен келісімге келуге болатынын айтып кеткім келеді, яғни дұрыс түсіндірме болған жағдайда тақырып, материал көлемін ауыстыруға, өзгерістер енгізуге мүмкіндік бар. Әрине, жарияланымнан біржолата бас тартуға болмайды, себебі біз әу баста тендерді ұтқан кезде, осы міндетті мойнымызға алған болатынбыз. Бірақ журналистика тұрғысынан материалды жетілдіруге, жақсартуға әбден болады. Біздің тәжірибемізде президент әкімшілігімен де, өзге де органдармен де келісімге келген жағдайлар көптеп кездеседі».

Мемлекеттік тапсырысты алудан бас тартқан редакциялар өз шешімдерін мемлекеттік тапсырыс алған жағдайда билік тарапынан бақылаудың жүру қаупі бар екендігімен түсіндіреді.

«Өзге де жарнама берушілер секілді мемлекет тапсырыс алған БАҚ-нан мемлекеттік құрылым жайлы ЖАҒЫМДЫ ақпарат күтеді. Бізде ТӘУЕЛСІЗ БАҚ деген түсінік жоқ десе де болады. Тәуелсіз дегеніміз оппозициялық деген сөз. Ал қалғандарының бәрін мемлекеттік тапсырысыз-ақ билік редакциялар, меншік иелері арқылы бақылап отыр. Сондықтан мемлекеттік тапсырыс алған БАҚ автоматты түрде, заңды дерлік негізде билікке тәуелді болады».

Жалпы алғанда редакторлардың басым көпшілігі мемлекеттік тапсырысты қарама-қайшылыққа толы құбылыс, оны қазақтандық журналистикаға тек жақсылық әкеледі біржақты түрде деп санауға болмайды деп есептейді. Сонымен қатар редакторлар мемлекеттік тапсырыстың аймақтық БАҚ-на, қазақ тілді БАҚ-на көрсететін қолдаудағы және мемлекеттік тілді игеру секілді маңызды тақырыптарды қозғаудағы маңызды рөлін атап көрсетті.

Редакторлар мемлекеттік тапсырысты бөлу жүйесін реформалау және жетілдіру қажет, БАҚ-на көрсетілетін қысымға және мемлекет тарапынан жүргізілетін бақылауға мүмкіндік бермеу үшін аталған саланың ашықтығын арттыру керек деп санайды.

МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫСТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТИКАСЫНА ЖҮРГІЗЕТІН ЫҚПАЛЫ. ЖУРНАЛИСТЕР ПІКІРІ

Қазақстандық журналистердің пікірлері мемлекеттік тапсырысты бағалауға келгенде редакторлардың пікірлерімен бір жерден шығып отыр. Олардың ойы мемлекеттік тапсырыс жүйесі әлі де болса жетілмеген, сондықтан да көп жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына кері әсерін тигізеді дегенге келіп саяды. Сонымен қатар, журналистердің көпшілігі бірқатар өзгерістер енгізілген жағдайда мемлекеттік тапсырыс елдегі БАҚ-на оң әсерін тигізуі мүмкін деп санайды.

«БАҚ-ның қиын да күрделі жағдайын ескерер болсақ, қандай болмасын қаражат көзінің артық етпесін түсінеміз. Ал тапсырыс берушінің, бұл жағдайда мемлекеттің, ықпалы қаржының көлеміне байланысты болмақ. Егер басылымға қолдау білдіруші тек мемлекет болса, онда, әрине, ол басылымды тәуелсіз деп айта алмаймыз. Ал егер басылым тәндер ұтып алып жатса, онда мемлекет көп жағдайда оған үлкен ықпал жүргізе қоймады»¹.

«...Мемлекеттің қаржылық қолдау көрсететіні тамаша. Алайда, мұндай жағдайда ол редакцияның ісіне араласпауы қажет деп ойлаймын. Яғни билік ақшасын берді ме, бітті ол БАҚ туралы ұмытуы қажет. Әрине, шектен шыққандық болып көрінуі мүмкін, бірақ біз тек осылайша тәуелсіз БАҚ-дарын және жалпы дені дұрыс медиа нарықты дамыта аламыз. Ал БАҚ-дарын қаржыландырудың қазіргі түрі – күлкілі дүние, мұнда қандай тәуелсіздік туралы айтуға болады».

«Онсыз да бюджеттен қаржыландырылып отырған мемлекеттік, партиялық басылымдар бар. Тапсырыспен жазылатын материалдарды соларға беруге болады. Ал жекеменшік басылымдарға осындай материалдар түсіп жатса, ол мұндай БАҚ-на деген сенімге сызат түсіруі мүмкін. Яғни ол бостандығынан айрылуда немесе ақша үшін еркіндігін құрбан етуде деген қауіп туады. Бұған байланысты мысалы «Время» газетіне базына айтуға болар еді. Мемлекеттің ең жақсы көмегі – басылымның саясатына және оның жарнама берушілермен қарым-қатынасына араласпауы».

Мемлекеттік тапсырыс аясында материалдар дайындаған журналистер билік өкілдері тарапынан қысым көрмегенін, алайда өз-өзіне деген цензураға кезіккенін айтады. Ал мемлекеттік тапсырыс арқылы ақысы төленген материалдар дайындамаған журналистер билік тарапынан қысым көрсету қаупі бар екендігімен келіседі

«Тапсырыс аясында мақалалар жазған болатынмын, бірақ қысым көрдім деп айта алмаймын. Алайда мұндай материалдарда шынайы жағдай емес, өңделген, бұрмаланған жағдайдың сипаты берілетіндігі бар. Басқаша айтсақ, мемлекеттік тапсырыс арқылы жазылған мақалалардың жақсылығы асырылып, жамандығы жасырылып отырылады».

1. Журналистермен сұхбат анонимді түрде жүргізілді. Зерттеу барысында 15 журналист сауалнамаға қатысты.

«Егер мен мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істесем, тапсырыс беруші тарапынан үлкен қысымға ұшырап, нақты не жазу керек, қалай жазу керектігі бойынша тапсырма алар едім деп ойлаймын».

«Жай тапсырыс бойынша жазған күнің өзінде, ең болмағанда мақаланың форматы мен көлемі бойынша шектелулер болады. Ал таныстарымның тәжірибесіне қарағанда, мемлекеттік тапсырыспен жұмыс барысында, материалды ұсынуда белгілі бір шектеулер туындауы мүмкін (тек біржақты көзқарастың болуы немесе «ыңғайға» келмейтін көзқарастың еленбеуі я мүлде алынып тасталуы секілді)».

Жалпы алғанда қазақстандық тілшілер мемлекеттік тапсырыс жүйесінің ашықтығын дамыту қажет деп санайды және мемлекеттік тапсырыс ақысын төлеген материалдарды жариялаған БАҚ-тың бейтараптығына үлкен қоғамдық бақылау орнатса деген пікірді қолдайды.

Жарияланымдардың сипаты

Мемлекеттік тапсырыс аясындағы жарияланымдар көп жағдайда бірсіпатты болып келеді: олар мемлекеттік органдар жүргізіп отырған саясат жайлы жағымды ақпарат береді. Мұндай жарияланымдарда әдетте республикамыздың белгілі бір салада жеткізген жетістіктері, мемлекеттік органдардың сәтті істері жайлы айтылады. Сонымен қатар қазақстандық биліктің қарсыластары деп саналатын топтардың оң көзқарасы да жиі беріліп жатады, олардың арасында оппозициялық партиялар, кейбір демократиялық мемлекеттердің үкіметтері, қоғамдық ұйымдар және дәстүрлі емес діни ұйымдар кездеседі.


Жарияланымдардың бір бөлігі бейтарап немесе даулы сипатта болып келеді. Әдетте мұндай материалдарды мемлекеттік тапсырыстың жалпы редакциялық саясатқа кері әсерін тигізетінін қаламайтын жекеменшік газеттер береді.

Мемлекеттік органдар мемлекеттік тапсырыс аясында жарияланған мақалалардың мазмұнына бақылау жүргізбейтіндіктерін айтады. Олардың мәліметтеріне қарағанды, БАҚ мұндай материалдарды өздері дайындайды. Алайда мемлекеттік тапсырысты тұрақты алып отырған мемлекеттік және жекеменшік БАҚ-ның өкілдері мүлде басқа ақпарат берді. Мысалы, Астана қаласында орналасқан, аты-жөнін атамауды жөн көрген жекеменшік басылымның редакторы мемлекеттік тапсырыс аясында жазылған материалдардың бәрі жауапты органдармен, ал нақты осы басылымға қатысты айтсақ Астана әкімдігінің (әкімшілігінің) ішкі саясат бөлімі және ақпарат және байланыс министрлігімен келісіліп өтетінін айтты. Редактор материалдардың айтарлықтай өзгеріске жиі ұшырайтындығын да жеткізді. 2009-2010 жылдары мемлекеттік тапсырыс аясында кем дегенде он материал дайындаған республикалық басылымның журналисті де осыған ұқсас мәлімет берді. Оның айтуынша, «жазылған жарияланымдардың бәрі жоғары орындардың бақылауынан өткен». Журналист бұған редактордың жауапты екенін айтып, материалдарын цензураға ұшыратқан ведомствоның атауын айта алмады.

Осылайша мемлекеттік тапсырыс аталған жолмен Қазақстанда цензура жағдайын туғызып отыр, яғни жарияланымдар мемлекеттік органдардың тарапынан тексеріске ұшырап, оларға түбегейлі өзгерістер енгізілуде.

Мемлекеттік тапсырыс жүйесінің енуі мемлекеттен қаржыландырылатын басылымдардың өз-өзіне деген цензурасын да туғызды. БАҚ жергілікті және республикалық билікті сынға алатын жарияланымдарды дайындауға қауіптенеді, себебі бұл мемлекеттік органдармен арадағы қарым-қатынасқа сызат түсіріп, басылым кейін мемлекеттік тапсырысқа түрлі себептермен қол жеткізе алмай қалуы мүмкін. Мемлекеттік тапсырыс қысым көрсету және елдегі бұқаралық ақпарат құралдарын шектеу құралына айналды. Оның негізгі себептері соңғы жылдардағы көптеген масс-медиа өкілінің дағдарыстың кесірінен жарнама берушілерді жоғалтуы, қаржылық қиындықтарға кезігуі болып отыр. Мұндай жағдайда мемлекеттік тапсырыс саны аз қаражат көздерінің біріне айналды.

Мемлекет қызметіне байланысты жарияланымдардың сипаты



■ Жағымды сипатта
■ Бейтарап сипатта

Мысалдар

Редакциялардың басым көпшілігі мемлекеттік тапсырыс аясында материал жариялағанда, оны ерекшелеп көрсетпейтіндіктен, зерттеу авторларына болжаммен шектелуге тура келді. Түрлі материалдарды қарастырған олар мемлекеттік тапсырыс шеңберінде берілді-ау деген мақалаларды алды. Мақалалар жарияланымның сипатына, стилистикасына және тақырыбына байланысты таңдалды.

«МОСКОВСКИЙ КОМСОМОЛЕЦ В КАЗАХСТАНЕ» ГАЗЕТИ

25 тамыз 2010 жыл

ЕҚЫҰ. Кеше, бүгін, ертең¹.

ЕҚЫҰ – осы бір күрделі де қысқарған сөз бүгінгі күні елдің бәріне таныс, көшедегі кез-келген адамды тоқтатып, сұрай қалсаңыз, ол Сізге әр әріптің артында қандай сөз тұрғанын және бұл ұйымның төрағасы қазір Қазақстан екенін айтып бере алады. Алайда Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) атты аймақтық құрылымның қашан пайда болғаны, немен айналысатыны және мүше-мемлекеттерді қайда бастап бара жатқандығы жайлы екіншісі біле бермейді.

